

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2017-2018 оқу жылындағы**  
**№1 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

28 тамыз 2017 жыл

Сағат 16:00

Ректорат – Сенат залы

Қатысқандар – 25

**Күн тәртібі:**

1. 2017-2018 оқу жылына Оқу-әдістемелік кеңес құрамы мен кеңес жоспарын бекіту (*ОӘК төрағасы - Б.Б.Ахметов*).
2. 2017-2018 оқу жылында қабылданған 1 курс студенттеріне арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту (*Әдістемелік бөлім басшысы м.а. Ж.Тайтенова*).
3. 2017-2018 оқу жылына қабылданған 1-курс студенттері үшін модульдер (пәндер) каталогін бекіту (*Әдістемелік бөлім басшысы м.а. Ж.Тайтенова*).
4. Әр түрлі мәселелер:
  - 4.1. "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 530 бұйрығы негізінде, медициналық мамандықтардың 2017-2018 оқу жылына арналған Негізгі оқу жоспарларын, 2-6 курстар үшін өтпелі негізгі оқу жоспарларын және жұмыс оқу жоспарларын бекітуге ұсыну (*Медицина, Стоматология және Дипломнан кейінгі білім беру факультеттерінің декандары: С.Қ.Туртабаев, Юксел Түркөз, А.А.Сариева*).
  - 4.2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінен келген №14-4/970, 04.07.2017ж. хатқа сәйкес, мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселесі бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» (2 кредит) пәнін мамандықтардың негізгі оқу жоспарларына 2017ж. 1-қыркүйектен ендіру туралы (*Әдістемелік бөлім басшысы м.а. Ж.Тайтенова*).
  - 4.3. ҚР денсаулық сақтау министрлігінен келген №06-9/3082-4, 20.07.2017ж. хаты негізінде ЖОО кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша резидентура мамандықтарының білім алушыларының негізгі оқу жоспарларында өндірістік тәжірибенің қарастырылуы туралы (*Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы: А.А.Сариева*).

**Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.1. 2017-2018 оқу жылына Оқу-әдістемелік кеңес құрамы университет президентіне бекітуге ұсынылсын;
- 1.2. 2017-2018 оқу жылына Оқу-әдістемелік кеңес жоспары университет президентіне бекітуге ұсынылсын;
- 1.3. Оқу-әдістемелік кеңес университет Оқу-әдістемелік кеңесінің 2017-2018 оқу жылғы жоспарына сәйкес әр ай сайын өткізілсін (*Жауапты – Г.Ж.Примкулова*).

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Ахметов Берік Бақытжанұлы	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент ОӘК төрағасы
2	Төлегенов Еділ Мейірбекұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі

		департамент директоры
3	Мырзахметов Мұрат Мекемтасұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары
4	Булент Шен	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары
5	Татыкаева Угилжан Бурхановна	Оқу-әдістемелік орталық басшысы
6	Исаева Жазира Исақызы	Әдістемелік бөлім басшысы
7	Дарибаев Жанәлі Еркінбекұлы	Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының басшысы
8	Бостанова Ардақ Мұратқызы	Тіркеуші офис басшысы
9	Төлеп Әбдімұқан Сейілханұлы	Инженерия факультетінің деканы
10	Абдикулова Зағипа Қырғызбайқызы	Инженерия факультетінің ОӘК төрайымы
11	Сариева Айнур Ануарқызы	Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы
12	Сатқанбаев Асқар Зейдуллаевич	Шымкент медицина институтының Хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі
13	Тұртабаев Сәрсенбек Қойшыбайұлы	Медицина факультетінің деканы
14	Бабаева Күмісай Сәбетқызы	Медицина факультетінің ОӘК төрайымы
15	Мехмет Топлу	Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы
16	Маханбетова Ұлмекен Рахматұллақызы	Әлеуметтік ғылымдар факультетінің ОӘК төрайымы
17	Айтбаева Нұрсәулет Қонарбайқызы	Филология факультетінің деканы
18	Чаканова Салима Жалғасқызы	Филология факультетінің ОӘК төрайымы
19	Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы	Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы
20	Керимбаева Ботакөз Талғатқызы	Гуманитарлық ғылымдар факультетінің ОӘК төрайымы
21	Маханбет Ержан Тайбағарұлы	Өнер факультетінің деканы
22	Жолдасова Бибикул Балқыбекқызы	Өнер факультетінің ОӘК төрайымы
23	Ажиханов Нұрлан Тобаханұлы	Жаратылыстану факультетінің деканы
24	Ибрагимова Эльмира Қоңыратбайқызы	Жаратылыстану факультетінің ОӘК төрайымы
25	Ахмед Гүнгөр	Дайындық факультетінің деканы
26	Алимбекова Лаззат Тасовна	Дайындық факультетінің ОӘК төрайымы
27	Юксел Түркөз	Стоматология факультетінің деканы
28	Құрбаниязов Абылғазы Көптілеуұлы	Үздіксіз білім беру институты директоры
30	Садуақас Жантілеу	Студенттік ректордың білім саласы бойынша проректоры
31	Примкулова Гаухар Жанқұлқызы	ОӘК хатшысы

### Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1.2017-2018 оқу жылында қабылданған 1-курс студенттеріне арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарлары Сенатқа бекітуге ұсынылсын.

### Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**3.1.**2017-2018 оқу жылына қабылданған 1-курс студенттері үшін модульдер (пәндер) каталогі Сенатқа бекітуге ұсынылсын.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**4.1.**2017-2018 оқу жылына университетте медициналық мамандықтарға арналған Негізгі оқу жоспарлары және Жұмыс оқу жоспарлары қабылдансын:

-1 курс бакалавр, резидентура үшін дайындалып бекітілсін;

-6 курс (интернатура) үшін өтпелі Негізгі оқу жоспары дайындалып бекітуге ұсынылсын;

-2-5 курстар бакалавр үшін бекітілген НОЖ және ЖОЖ қабылдансын, университет Сенатына ұсынылсын (*Жауапты: Медицина мамандықтары бойынша факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

**4.2.**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын насихаттау және үйрету мақсатында университет барлық мамандықтарына Мемлекетті міндетті модулінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» (2 кредит) пәнін ендіру процесі қосымша талқылауға ұсынылсын. Университеттің факультет деканаттарына жолдансын (*Жауапты: Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы – Мехмет Топлу; «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі – Қ.Т.Битемиров*).

**4.3.**2017-2018 оқу жылынан бастап резидентураның мамандықтары үшін Өндірістік тәжірибеге қосымша 2 (екі) кредит бөлініп, сол мамандықтың барлық оқу кезеңінің жұп семестрлеріне енгізілсін, университет Сенатына ұсынылсын (*Жауапты: Факультет деканы-А.А.Сариева, мамандық дайындайтын кафедра меңгерушілері*).

**Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.**

**Хатшы**

**Г. Примкулова**